

## **СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ**

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер кезеңінде, болашақ мамандардың еңбек нарқындағы бәсекеге лайықтылығын қамтамасыз етуде студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындау ерекше өзекті мәселе болып табылады. Үнемі өзгеріп отырған осы заманда болашақ мамандардың маман ретінде оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруі үшін дайындықты таныту мен дамытуы аса көкейтесті мәселеге айналып отыр. Сондай-ақ, психологиялық дайындау арқылы студенттердің өзіне құнды және басқаларға рухани-адамгершілік қатынаспен оқу-кәсіби іс-әрекет, қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту салаларын жетілдіруі ықпалдасқан күрделі құрылым кәсіби дамыту қажеттігімен байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Инновациялық білім арқылы экономикалық білімге» атты дәрісінде: «Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын<sup>i</sup>. Осы орайда қоғамның даму кезеңі өз ісінің іскер мамандарына, кәсіби қалыптасқан тұлғаларға жұмыс ұсына отырып, жоғары оқу орындарына, олардың кәсіби дайындау жұмысына арнайы жаңа талаптар қойылады.

Психологиялық дайындауды кәсіби білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыратын қажетті және оңтайлы ахуал ретінде анықтайтын зерттеушілермен келіспеу мүмкін емес. Х.Т. Шерьяданова пікірінше, студенттерге психологиялық білім беруде психология пәндері бойынша білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері тиімді болады. Ал студенттерді меңгерілген психологиялық академиялық білімді тәжірибеде қолдана алуға бағыттауды ғалым кәсіби дайындаудың басты шарты ретінде қарастырады<sup>ii</sup>.

Кәсіби іс-әрекетке дайындықтың жетекші құрамы болып табылатын психологиялық дайындық кешенді психикалық білім, операциялық, және тұлғалық компоненттер динамикалық құрылымымен өзара әрекеттестік-функциональдық тәуелділікке ие. (А. А. Деркач, В. Г. Зазыкин, В. Д. Шадриков), осыған байланысты студенттердің кәсіби іс-әрекетке дайындығын қарастыру маңызды мәселе қатарынан орын алады<sup>iii</sup>.

Психологиялық дайындаудың ғылымда анықталуын, мән-мағынасын, алатын орны мен рөлін, сипаттамасын және нәтижесін айқындау мақсатымен психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасалынған талдау негізінде оның процессуалдық жақтарын бөліп көрсету мүмкін болады:

– тұлғаның эмоциялық-еріктік компоненттерімен байланысты және іс-әрекетіне түрткі болып, бағыттайтын, жауапкершілікке, басқалардың «Менін» құрметтеуге, тұлғааралық қатынастардың гуманистік табиғатын түсінуге мүмкіндік беретін ішкі бағдары ретінде когнитивтік құрылымдарының жүйесін, құндылық бағдарының жүйесін дамыту, жетілдіру;

– тұлғаның өзін, өзінің мінез-құлқы мен қылықтарын рефлексиялау қабілетін, өзін-өзі реттеу, сезімі мен жай-күйін бақылай алу қабілетін дамыту, жетілдіру;

– тұлғаның бүкіл тіршілік әрекеті мен кәсіби іс-әрекетіне ықпал ететін адамзаттың психология, психологиялық және психофизиологиялық процестер жайлы жинақтаған ақпараттар негізінде психологиялық білімдер жүйесін меңгеру;

– тұлғаның іс-әрекет процесінде өзін іс жүзінде көрсетуі, өзін-өзі актуалдандыруы, қарым-қатынас тәсілдері мен амалдарын қолдану, іс-әрекет стилі, өзара қатынас жасау процесінде рефлексиялық позицияны жүзеге асыруы бойынша технологиялық деңгейді жоғарылату;

– тұлғаның басқа адамдарды қабылдауына, өзінің жеке-дара екендігін түсінуіне, іс-әрекетті шығармашылықпен жүзеге асыруына, Мен тұжырымдамасының тұтас болуына,

өзін-өзі бағалаудың дәлме-дәлдігіне, кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіби шеберлікті меңгеруге мотивация мен ұмтылысын қолдауға мүмкіндік беретін қасиеттер мен сапаларын дамыту, жетілдіру.

Демек, психологиялық дайындау арқылы тұлғаның көптеген қасиеттері мен сапаларын дамытып, жетілдіру мүмкін болады. Осы қасиеттер мен сапалардың қалыптасу деңгейі психологиялық дайындаудың өлшемдері мен диагностикалық белгілері болып табылады. Сонда психологиялық дайындау нәтижесінде тұлғалық ықпалдасқан құрылым дамиды. Психологиялық дайындау іс-әрекетті шығармашылықпен жүзеге асыру мүмкіндігі, кәсіби іс-әрекеттің алғышарты әрі оны жетілдіру құралы, осы іс-әрекеттің тиімділігін талдауға негіз және оның өлшемі болады.

Қазіргі қоғамда адамның іс-әрекетке дайындығы адам еңбегін адами және әлеуметтік гуманизациялаудың ең маңызды мәселелерінің бірі. Тәжірибелік іс-әрекеттің әр түрінде дайындықтың жеткіліксіздігі байқалады. Адамның дайындық мәселесі тұлғаның қалыптасуының үш кезеңімен байланыстырылып қарастырылады: жалпы білім беретін мектептерде оқудың басталуы, кәсіби білім алудың басталуы, кәсіби өзін-өзі анықтау және өзіндік кәсіби іс-әрекет Л. И. Божович, А. В. Запорожец, Л. А. Венгер, И. Шванцар, Г. Вицлак. Аталған кезеңдерге орай зерттеушілер мектептегі оқуға дайындық, кәсіп таңдау, (арнауы және жоғары оқу орындарында оқу) кәсіби іс-әрекет, сретсті жағдайлармен байланыстырылады<sup>iv</sup>.

Осы байланыста «кәсіби іс-әрекетке дайындық» ұғымына анықтама беру қажет. Психологиялық сөздікте белгіленгендей негізгі кәсіби іс-әрекетке дайындық интегративті сипатта ішкі құрылымдық сипатты көрсететін, маманның тұлғалық негізгі компоненттерінің сәйкестілігі, тұрақтылық, бірқалыптылық, және функционалдық сабақтастығы, іс-әрекеттің продуктивтілігін, яғни кәсіби дайындық психологиялық бірлікте, маманның тұлғалық тұтастығы сияқты белгілерді қамтиды. Н. Д. Левитов психологиялық дайындықты уақытша дайындық ретінде және жұмысқа қабілеттілік, мәре алдында психикалық функцияларды белсендендіруші ретінде түсінеді, ал оның мазмұны жұмыс жағдайына бағарлану және оған психологиялық дайындық жағдайын жасау. Өз жұмысында автор кәсіби іс-әрекетке индивидуалды дайындықтың үш факторын, екі психологиялық (адамның белгілі бір жұмыс түріне қатынасы, оның осы аядағы еңбекке бағытталығы және кәсіби қабілеті және педагогикалық (нақты кәсіпті игеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар) бөліп көрсетеді.

Өз жұмысында бәрінен бұрын табиғи негіздер туа біткен өзін-өзі жетілдірудегі, жоғары әлеуметтік тәжірибеде және кәсіби резервте компенсацияларда, орындарда тәжірибе педагогикалық мектептерде және өзіндік кәсіби бағдарлар кәсіби тұрғыда әртүрлі негізделген.

Б. А. Леонова дайындық мәселесіне адамның функционалды жағдайы ретінде қарастырады. Дайындық жағдайын қалыптастыруға және дамытуға болады, ол үшін мамандықтардың шынайы, кәсіби шеберлік, іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті физикалық ресурстарды мобилизациялау іскерлігі қажет. «Психологиялық дайындық индивидуалды тәсілдерді мақсатты қалыптастыру, күрделі жағдайларда іс-әрекетерді берілген параметрлерді сақтауды қамтамасыз ету»<sup>v</sup>.

Кәсіби іс-әрекетке дайындықты бұл тұрғыда қарастыру болашақ іс-әрекетті меңгеруді индивидуалды тұлғалық тұрғыда қарастыруға мүмкіндік береді. Осы жағдайда психологиялық дайындық мотивациялық дайындыққа жақын көрініс табады, яғни бірдей мағынада түсіндіріледі. Ю. А. Самарин, іс-әрекетке психологиялық дайындықты былай анықтайды «дайындық студенттің психологиялық жағдайы — бұл ішкі анықталған оқу және еңбек міндеттерін орындаудағы жүріс-тұрыс ішкі ниеттену, белсенді және мақсатқа бағытталған әрекет жоғары оқу орнынан кейін жұмыстың басталуына уақытына бағдарлану». Іс-әрекеттің мақсаты оның пікірі бойынша «қазіргі өндіріс жағдайына бейімделу үрдісін жеңілдету, ол үшін операциялық, адамгершілік, психикалық, өзі таңдаған кәсіпке дайындық студенттердің қалыптасуы ретінде түсіндіріледі.

Іс-әрекетке психологиялық дайындық мәселесін кеңейте отырып, А. А. Деркач шығармашылық еңбекті қалыптастыру жағдайын бөліп көрсетеді:

- 1) мәдениетті меңгеруде өзіндік сыншылдық;
- 2) қоғамдық мәнді міндеттерді шешуге белсенді қатысу;

3) тұлғаның шығармашылық потенциалын – психикалық үрдістерін арнайы дамыту;

М. И. Дьяченко және Л. А. Кандыбовичтің, психологиялық дайындық мәселесіне байланысты зерттеулері жалпыланды, олар дайындықты мәселе кең шеңберде ұзақ уақыт бойы қалыптасу мен жағдайға байланысты тұрғыда қарастырды. Авторлар дайындық тұлғаны жан-жақты дайындаудың нәтижесінде кәсіптің ерекшеліктеріне орай қойылатын талаптарды ескере отырып тұлғаның мақсатқа бағытталған мағынасы деп түсінуді ұсынады. Олар ұзақ уақыттық дайындықты тұрақты тұлғалық «табысты іс-әрекеттің алғышарттарының болуы» сипаты тұрғысында тұжырымдайды. Мұндай дайындықтың құрылымы олардың пікірі бойынша келесілерді қамтиды: а) кәсіби іс-әрекетке жағымды қатынас; б) кәсіби іс-әрекеттің талаптарына мінез -құлық аясында, қабілеттер, темперамент, мотивациялық тұрғыда адекваттылық. талаптар; в) қажетті білім, іскерлік, дағдылар; г) кәсіби маңызды ерекшеліктердің қабылдау, зейін, эмоционалды, және еріктің тұрақтылығы. Осы орайда И. Н. Назимовтың еңбектері құнды болып табылады кәсіби іс-әрекетке дайындықтың дамуының құрылымының қалыптасуы тұлға құрылымында оптималды жалпы кәсіби сапалармен белгілі кәсіпті меңгерудегі қажетті сапалардың үйлесуіне қол жеткізу деп белгілейді<sup>vi</sup>. Қазіргі кезде мамандармен оларға қойылатын талаптардың сәйкес келмеуі бір жағынан жоғары оқу орындарындағы кәсіби білім беру жүйесінің тиімділігінің төмендігінен, ал келесі жағынан кәсіпке қойылатын талаптармен маман тұлғасының сәйкес келуі, осы қайшылықтар біздің зерттеуіміздің тақырыбын анықтайды. Көрсетіліп отырған қарама-қайшылықтар біздің көзқарасымыз бойынша студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындауда тиімділігін дамытуға орай мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізу нәтижесінде кездесіп отырған қайшылықтарды шешудің негізі болып табылады. Психологиялық дайындық негізінде когнитивті конструктілер, жаңа психологиялық қасиеттер мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс сипаттары пайда болмай қоймайды. Олай болса, кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындау студенттердің өз өмір жолын, қарым-қатынасын, іс-әрекетін және әлеуметтік белсенділігін дамытуы, жетілдіруі үшін психологиялық дайындығын дамыту мақсаттарын көздейді.

- 
- <sup>i</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана, 2012.
- <sup>ii</sup> Шерьязданова Х. Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: Автореф. дис. ... д-ра психол. наук. — М., 1999.
- <sup>iii</sup> Платонов К. К. Структура и развитие личности. — М., 1986.
- <sup>iv</sup> Кенжебеков Б. Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: Автореф. пед. ғыл. докт. дис. — Қарағанды, 2005.
- <sup>v</sup> Климов Е. А., Буякас Т. М., Зотова Н. Н., Кринчик Е. П., Михеев В. А., Прудков П. Н., Родина О. Н., Фокин В. А., Фокина Р. А. Трудности и перспективы становления профессионала: Сб. науч. тр. / Под ред. Е. А. Климова. — М., 2012.
- <sup>vi</sup> Митина Л. М. Проблемы профессиональной социализации личности. — Кемерово, 1996.